

## 1С бағдарламалық өнімдерін пайдалануға құқық беру туралы келісім

Осы Келісім «Интернет Бухгалтерия» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі - Лицензиат), директоры Сейдалиева Ляйлим Булатқызы, кез келген жеке және заңды тұлғаға (бұдан әрі - Сублицензиат) арналған осы Келісімді төменде көрсетілген шарттарда қабылдайтын ресми ұсынысы (жария оффертасы) болып табылады.

### 1. КЕЛІСІМ МӘНІ

1.1. Лицензиат құқық иелерінен тиісті уәкілеттіктерге ие бола отырып, төлемақыға Сублицензиатқа бағдарламалық өнімді (бұдан әрі - БӨ кешені) БӨ жаңғыртылған қашықтағы серверге кіруге рұқсат беру жолымен пайдалану құқығын береді. Сублицензиат осы Келісімнің шарттарында құқықтарды беру құнын қабылдайды және төлейді.

### 2. КЕЛІСІМ МӘРТЕБЕСІ

Келісім сублицензиялы болып табылады.

Осы Келісімде көрсетілген барлық шарттар Тараптар үшін соңғы шарттар болып табылады.

Келісімнің жария офферта түріндегі осы редакциясы Интернет ақпараттық жүйесінде Лицензиаттың сайтында мына мекенжай бойынша орналастырылған: [inbuh.kz](https://inbuh.kz), оны Сублицензиат өзгерте алмайды және келесі редакцияға алмастырғанға дейін немесе Лицензиат Келісімді кері қайтарып алғанға дейін қолданыста болады.

Осы Келісімді Лицензиат біржақты тәртіппен өзгертуі мүмкін. Келісімнің жаңа редакциясын Интернет ақпараттық жүйесінде мына сайт бойынша жариялаған күн осы Келісімге өзгерістер күшіне енген күн болып табылады: [inbuh.kz](https://inbuh.kz).

Лицензиат Сублицензиатқа осы Келісімге өзгерістер және/немесе толықтырулар туралы Сублицензиаттың мекенжайына ресми хат жіберу жолымен және осы өзгерістерді және/немесе толықтыруларды олар күшіне енгенге дейін кемінде 20 (жиырма) жұмыс күні бұрын Интернет ақпараттық жүйесіндегі сайтында мына мекенжай бойынша жариялау арқылы хабарлайды: [inbuh.kz](https://inbuh.kz).

Келісімге өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізілгеннен кейін Сублицензиаттың бағдарламалық өнімдерге құқықтарды пайдалануын жалғастыру Сублицензиаттың енгізілген өзгерістерді және/немесе толықтыруларды толық және сөзсіз қабылдауын және оларға келісімін білдіреді.

Лицензиат өзінің қалауы бойынша кез келген уақытта Келісімді кері қайтарып алу құқығын өзіне қалдырады.

### 3. КЕЛІСІМ ЖАСАСУ ТӘРТІБІ, ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫЛУЫН ТОҚТАТУ

Сублицензиат телефон/мессенджер/электрондық пошта арқылы немесе [inbuh.kz](https://inbuh.kz) сайтында бағдарламалық өнімдер мен жұмыс орындарының нақты тізімін көрсете отырып, БӨ (1С: Кәсіпорын) жалға алуға Өтінім жасайды. Өтінім негізінде Лицензиат пайдалану құқығы берілетін БӨ мен лицензиялардың тізімін қамтитын төлеуге арналған шотты (бұдан әрі - Шот) жібереді. Шотты Сублицензиаттың мекенжайына электрондық пошта арқылы жіберуге болады.

Сублицензиат Лицензиатқа төлемді берген сәттен бастап Келісім күшіне енеді және Өтінімде көрсетілген кіру рұқсатының ақылы мерзімі ішінде, ал өзара есеп айырысу бөлігінде - Тараптар міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

Осы Шарт Сублицензиат Лицензиатқа ақы төлеген сәттен бастап күшіне енеді және Өтінімде көрсетілген ақылы қол жеткізу мерзімі ішінде, ал өзара есеп айырысу бөлігінде - Тараптар міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

Егер Тараптардың ешқайсысы қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін 30 күнтізбелік күн ішінде Шартты тоқтату туралы мәлідемесе, осы Шарт <https://inbuh.kz/ru/accountant/> орналастырылған, мерзімін ұзарту күні қолданылатын шарттармен келесі бір жылдық кезеңге ұзартылуы мүмкін.

### 4. БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ӨНІМДЕРДІ ҚҰҚЫҚТАРЫН БЕРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ТӘРТІБІ

Бір лицензияны пайдалану БӨ-нің бір данасын бір жұмыс орнынан іске қосуды білдіреді. Пайдаланушы БӨ-ге кіруді жүзеге асыра алатын және БӨ-нің барлық немесе кейбір функционалдық мүмкіндіктерін пайдалана алатын кез келген дербес компьютер, терминал немесе өзге де құрылғы жұмыс орны болып саналады.

БӨ-нің бірнеше данасын бір мезгілде іске қосқан кезде (бір немесе бірнеше жұмыс орнынан) БӨ-нің қанша данасы бір мезгілде іске қосылған болса, сонша қосымша лицензиялар жұмсалады.

Осы Келісім бойынша бағдарламалық өнімдерді пайдалану құқықтары осы Келісімнің 3.2-тармағына сәйкес осы Келісімнің әрекет ету мерзімімен анықталатын, уақыты бойынша шектелген, бірақ 3 айдан кем емес және 12 айдан артық емес мерзімге беріледі.

## 5. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

### Лицензиаттың құқықтары мен міндеттері:

Осы Келісімнің әрекет ету мерзімі ішінде Лицензиат Сублицензиатқа Интернет ақпараттық жүйесінде [inbuh.kz](https://inbuh.kz) сайтында жарияланған шарттарға сәйкес БӨ-ге техникалық қолдау көрсетеді. Қолдау шарттарын Лицензиат біржақты тәртіпте өзгертуі мүмкін. Қолдау шарттарын өзгерту туралы Лицензиат Сублицензиатқа жаңа шарттар іске қосылғанға дейін 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлайды. Интернет ақпараттық жүйесінде ақпаратты [inbuh.kz](https://inbuh.kz) сайтына орналастыру жолымен берілген хабарлама тиісті хабарлама болып табылады.

Лицензиат Сублицензиаттың бағдарламалық өнімдер мен лицензияларға берілген рұқсатына техникалық үзілістер енгізуге құқылы. Техникалық үзілістерді Лицензиат БӨ-ді техникалық қолдау және жабдықтың профилактикасы жөніндегі жұмыстарды орындау үшін пайдаланады. Техникалық үзілістер туралы хабарламалар Сублицензиатқа мессенджер/электрондық пошта арқылы не телефон байланысы арқылы жіберіледі. Профилактикалық жұмыстар 1 ай бойы жүргізіледі - 6 сағаттан аспайды.

Лицензиат БӨ-ді пайдалану құқығы үшін сыйақы төленгеннен кейін БӨ-ге кіруге рұқсат береді. Лицензиат Сублицензиатқа БӨ-ді тек қана төленген кезеңге пайдалану құқығын береді.

Лицензиат Сублицензиатты БӨ пайдаланылатын дербес компьютерлерге қойылатын мынадай ең аз талаптар туралы хабардар етеді:

- ОЖ - Windows 7/8/10; MacOS 10.12 (Siera) және одан жоғары;
- ОПҚ - Intel 2 Гц және одан жоғары;
- ОЕҚ - 4 Гб және одан көп;
- Қатты дисктегі бос орын - орнату үшін 500 Мб және уақытша файлдарды/кэшті сақтау үшін 1 Гб-қа дейін;
- Интернетке қосылу жылдамдығы 8 Мбит/с-тан бастап және одан жоғары;
- Қолдайтын браузер нұсқалары:
  - a. Microsoft Internet Explorer 10;
  - b. Mozilla FireFox 52;
  - c. Google Chrome 49;
  - d. Opera 65;
  - e. Safari (MacOS арналған) 12.1.2;

Одан бөлек, деректер қорына қол жеткізу Сублицензиат компьютері Интернетке тұрақты қосылып тұрған кезде және браузердің, операциялық жүйенің, вирусқа қарсы бағдарламалардың және желілік баптаулар дұрыс бапталған кезде ғана мүмкін болады. Ескірген интернет-браузер нұсқаларын пайдаланған кезде кейбір терезелер мен батырмалар дұрыс көрсетілмеуі мүмкін.

### Лицензиат мынаған жауапкершілік алмайды:

- a. Сублицензиаттың осы Шарттың 5.1.4-тармағында көрсетілген жүйелік талаптарды сақтамауына байланысты БӨ-ге кіру рұқсатының болмауы. Сублицензиаттың осы жүйелік талаптарды сақтамауы салдарынан Лицензиаттың осы шарттың талаптарын орындамауы осы шартты бұзуға негіз емес;
- b. Сублицензиаттың жергілікті қорының қор көшірмесін көшіргенге дейін, көшіру кезінде немесе көшіргеннен кейін пайда болған немесе анықталған зақымданулары;
- c. Сублицензиатқа басқа ұйымдар ұсынған, сондай-ақ осындай байланыс арналары, жабдықтар немесе бағдарламалық жасақтама арқылы ақпарат бергені немесе қабылдағаны үшін телекоммуникация қызметтері;
- d. Сублицензиаттың Лицензиат инфрақұрылымынан тыс ақпараттық деректері;
- e. Сублицензиаттың ішкі желісін вирустық және хакерлік шабуылдарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, рұқсатсыз кіруден қорғау;
- f. Сублицензиат ұсынған қорлардың типтік емес, жасалып біткен немесе қолдаудан алынған көшірмелерін қолдау, сондай-ақ оларды ұдайы жаңарту;
- g. Деректер мұрағатын бергеннен кейін қордың сақталуы.

Сублицензиат рұқсат беру мерзімдерін бұзғаны үшін Лицензиаттан әрбір күнтізбелік кешіктірілген күн үшін кіру рұқсатының жалпы құнының (ай үшін) 0,1% -ы мөлшерінде, бірақ осы Шарттың жалпы құнының 5% -ынан аспайтын мөлшерде айып ақысын талап етуге құқылы.

Келісімнің әрекет ету мерзімі аяқталғаннан кейін (немесе Келісімнің бұзылуы) Лицензиат 5 (бес) күн ішінде Сублицензиатқа деректер мұрағатын беруге міндеттенеді. Беру мұрағатты электрондық пошта арқылы Сублицензиаттың мекенжайына жіберу арқылы жүзеге асырылады.

Сублицензиат 2 (екі) және одан да көп ай бойы тұрақты сыйақы төлемеген жағдайда Лицензиат Сублицензиат деректерінің кез келген нысандағы барлық толық немесе ішінара көшірмелерін, модификацияларын немесе біріктірілген фрагменттерін жоюға/өшіруге құқылы.

Лицензиат деректер мұрағатын берген сәттен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде кез келген нысанда бар деректердің толық немесе ішінара көшірмелерін, модификацияларын немесе біріктірілген фрагменттерін жоюға/өшіруге міндеттенеді.

#### **Сублицензиаттың құқықтары мен міндеттері:**

Осы Келісімге сәйкес Сублицензиат БӨ-нің бірнеше данасын Лицензиаттың төленген шотында көрсетілген қосымша лицензиялардың санына сәйкес бір мезгілде пайдалануға құқылы.

Сублицензиат қосымша лицензияларды бір және бірнеше жұмыс орындарында пайдалануға құқылы.

Сублицензиат нәтижесі Лицензиар («ИнфоСофтПром» ЖШС) қолданатын, «мультиплекстеу» бағдарламалық және техникалық құралдарын, бағдарламалық өнімді қорғаудың бағдарламалық немесе аппараттық құралдарының жұмыс алгоритмін өзгертетін құралдарды қоса алғанда, авторлық құқықтарды қорғаудың техникалық құралдарын жою немесе олардың тиімділігін төмендету болып табылатын әрекеттерді жасамауға, сондай-ақ Лицензиардың («ИнфоСофтПром» ЖШС) рұқсатынсыз бағдарламалық өнімді ескірген немесе өзгерген қорғау құралдарымен бірге пайдаланбауға міндеттенеді.

Сублицензиаттың бағдарламалық өнімді пайдалану кезеңінде деректер мұрағатына қол жеткізуге, сондай-ақ деректер мұрағатын өзінің электрондық тасығыштарына резервтік көшіруді жүргізуге құқығы бар. Сублицензиат құрған мұрағаттар мен деректер файлдарына меншік құқығы Сублицензиатқа тиесілі. Деректердің мұрағаттары мен файлдарды қандай да бір бағдарламалық өнімдерде жаңғырту біреудің авторлық және өзге де құқықтарын бұзбауға және осы Келісімнің мәні болып табылмауға тиіс.

Сублицензиатта БӨ құжаттамасының болуы қажет болған жағдайда, түпнұсқа құжаттамасын Сублицензиат қосымша ақыға сатып алады және жеке шарт жасасумен бірге жүреді.

Сублицензиатқа осы Келісімнің 5.1.1-тармағында баяндалған шарттардың негізінде көрсетілетін техникалық қолдауға кірмейтін қосымша сервистерді немесе қызметтерді ұсыну қажет болған кезде, Лицензиат ақылы негізде сервистерді немесе қызметтерді ұсынады. Қосымша қызметтердің құны оларды орындайтын күні анықталады.

## **6. БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ӨНІМДЕРДІ ПАЙДАЛАНҒАНЫ ҮШІН СЫЙАҚЫ ЖӘНЕ ТӨЛЕМ ТӘРТІБІ**

Лицензиялық сыйақының мөлшері Лицензиаттың Интернет ақпараттық жүйесіндегі сайтында жарияланған бағалармен айқындалады: [inbuh.kz](https://inbuh.kz).

Күнтізбелік ай лицензиялық сыйақыны төлеу кезеңі болып табылады. Күнтізбелік ай ішінде бағдарламалық өнімдерді және/немесе қосымша лицензияларды нақты пайдалануды бастау, сондай-ақ күнтізбелік ай аяқталғанға дейін бағдарламалық өнімдерді және/немесе қосымша лицензияларды пайдалануды тоқтату кезінде лицензиялық сыйақы толық күнтізбелік ай үшін есептеледі.

Лицензиатқа сыйақы төлеу Лицензиат ұсынған шоттың негізінде ай сайын (не бірнеше айды қамтитын кезең үшін алдын ала төлем бойынша біржолғы сомамен) жүргізіледі. Ай сайынғы ақы төлеу кезінде келесі айға шотты Лицензиат ағымдағы айдың 25-не дейін ұсынады және Сублицензиат оны алған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ақы төлеуі тиіс.

Сублицензиат ақшалай қаражатты Лицензиаттың есеп шотына аудару не «Касса 24» мобильдік терминалдары арқылы төлеу, [inbuh.kz](https://inbuh.kz) сайтындағы онлайн-төлем арқылы сыйақыны төлеуді жүргізеді.

Лицензиялық келісім шеңберінде Қызметтерді көрсету мерзімдері күнтізбелік аймен регламенттелген.

Лицензиат Сублицензиаттың атына ЭШФ АЖ порталында төлем жүргізілген айдың соңғы жұмыс күнінде электрондық түрде орындалған жұмыстар актісін қояды.

Сублицензиат 10 күн ішінде алынған Орындалған жұмыстар актісін растауға міндетті.

Орындалған жұмыстар актісі бойынша қарсылықтар болған кезде Сублицензиат ол туралы Лицензиатқа жазбаша түрде хабарлауға, электрондық мекенжайға Акт жазылған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірмей өтініш жіберуге міндеттенеді.

Егер Акт бойынша дәлелді қарсылықтар Лицензиаттың атына жазып берілген күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде түспесе, оларды Сублицензиат қабылдаған, тиісті сапада толық көлемде көрсетілген/ұсынылған болып есептеледі.

Сублицензиат Лицензиаттан шоттардың (шот-фактуралардың), актілердің және өзге де бухгалтерлік құжаттардың уақытылы алынуын дербес қадағалауға міндетті.

Сублицензиат пайдаланудың ағымдағы айының 10 (оныншы) жұлдызына дейін тұрақты сыйақы төлемеген жағдайда Сублицензиат БӨ-ді өзіне арналған қолданыстағы бағалар бойынша пайдалану құқығынан айырылады, ал төлеу мерзімдері бірнеше рет бұзылған жағдайда, Сублицензиат БӨ-ді пайдалану құқығынан толығымен айырылады, БӨ-ге кіру рұқсаты және техникалық қолдау тоқтатылады, ал осы Келісім бұзылды деп есептеледі, бұл ретте Сублицензиат осы Келісімнің 5.1.4. - 5.1.6. тармағындағы шарттар бойынша мұрағат алуға құқылы.

Төлем мерзімдерін 2 (екі) реттен артық бұзу бірнеше рет бұзу болып табылады. Егер Сублицензиат

Лицензиатқа байланысты емес себептер бойынша деректердің мұрағатын пайдаланудың соңғы төленген айынан бастап 2 (екі) ай өткен соң алмаған жағдайда, Лицензиат Сублицензиат деректерінің кез келген нысандағы барлық толық немесе ішінара көшірмелерін, модификацияларын немесе біріктірілген фрагменттерін жояды.

Тараптар үшінші тұлғалардың есеп айырысуларына қатысатын ақы төлеу тәсілдерін пайдалана алады.

## 7. ӨНІМГЕ АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ

Сублицензиатқа уақыт және аумақ бойынша шектелген бағдарламалық өнімдерді пайдалануға айрықша емес құқықтар беріледі.

Бағдарламалық өнімдерді заңды пайдалану аумағы Қазақстан аумағы болып табылады.

Бағдарламалық өнімге айрықша құқықтар «ИнфоСофтПром» ЖШС-ге тиесілі және сонда сақталады.

## 8. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ ЖӘНЕ ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕР

Тараптар бір Тарап екінші Тарапқа беретін немесе ашатын ақпарат немесе деректер ақпарат иесінің меншігі болып табылатынын және барлық уақытта осындай болып қалуға тиіс екенін мойындайды және келіседі.

Тараптар құпия ақпаратты осындай жария студия нысанына немесе сипатына қарамастан кез келген үшінші тарапқа (8.3-тармақта көрсетілген адамдарды қоспағанда) фотокошірме жасауды немесе жаңғыртуды қоса алғанда, сатуға, айырбастауға, жариялауға немесе ашуға болмайтынына келіседі.

Лицензиат Сублицензиат алдындағы міндеттемелерді орындау үшін өзінің агенттеріне және онымен шарт бойынша әрекет ететін үшінші тұлғаларға ақпарат бере алады және бұл бұзушылық болып санамайды. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда ақпаратты жария етуге жол беріледі. Лицензиаттың құпия ақпараттан тұрмайтын және үшінші тұлғаларға берілмейтін «cookies» технологиясын пайдалануға құқығы бар. Лицензиат келушінің IP-мекенжайы туралы ақпаратты ала алады, бірақ бұл ақпарат Сублицензиаттың алаяқтығы жағдайларын қоспағанда, Байланысушы тұлғаны сәйкестендіру үшін пайдаланылмайды. Деректерді иесіз немесе біріктірілген түрде жинау, өңдеу және беру, мұндай ақпарат Сублицензиатты сәйкестендіруге мүмкіндік бермеген жағдайда, бұл да Лицензиаттың міндеттемелерін бұзу болып саналмайды.

Сублицензиатқа тиесілі сәйкестендіргіштер мен құпиясөздер құпия ақпарат болып табылады. Сублицензиат Өтінімде көрсетілген ақпаратқа сәйкес электрондық пошта арқылы немесе жеке кабинетінде авторизациялық деректерді (логин, құпиясөз) қабылдайтын жауапты тұлғаларды тағайындауға міндеттенеді. Сублицензиат жауапты тұлғаның авторизациялық деректерді қабылдауға уәкілетті еместігіне кейіннен сілтеме жасай алмайды.

Сублицензиат Сублицензиаттың деректер қорына рұқсатсыз кірудің кез келген жағдайы туралы және/немесе құпиялылықтың бұзылуы туралы кез келген бұзушылық не күдіктер туралы Лицензиатқа дереу хабарлауға міндетті. Қауіпсіздік мақсатында Сублицензиат жұмыстың әрбір сессиясы аяқталғаннан кейін жұмыстың қауіпсіз аяқталуын дербес жүзеге асыруға міндетті. Лицензиат осы тармақты орындамаған кезде деректердің ықтимал жоғалуына және кез келген басқа да салдарға жауап бермейді.

Сублицензиат құпия сөзді рұқсатсыз алғаны және Сублицензиаттың деректер қорына үшінші тұлғалардың кіргені үшін жеке жауапты болады және деректер қорына кіру деректерінің құпиялылығын қамтамасыз етеді. Лицензиат Сублицензиаттың деректер қорына рұқсатсыз кіру, сондай-ақ Сублицензиаттың деректер қорына үшінші тұлғалардың кіруі үшін деректерді ерікті түрде беру жағдайларын қоса алғанда, Сублицензиаттың деректер қорын пайдаланудың барлық іс-әрекеттері мен салдары үшін жауапты болады.

Тараптардың әрқайсысы Құпия ақпарат иесінің жазбаша келісімінсіз осы келісімнің 8.3. тармағында көрсетілген тұлғаларды қоспағанда, үшінші тұлғаларға Құпия ақпаратты жария етуге міндеттенеді. Осы Шарттың 8-бөлімінде көрсетілген міндеттемелер бұзылған жағдайда, бір Тараптың осы Шартты бұзудың болжамды күніне дейін 10 (он) жұмыс күні бұрын Шарттың құпиялылығын қамтамасыз етуге қатысты талаптарын бұзған екінші Тарапты алдын ала жазбаша нысанда хабардар ете отырып, осы Шартты біржақты бұзуға құқылы.

Құпия ақпаратты сақтау жөніндегі міндеттемелер Шарттың қолданылу мерзімінің аяқталу себептеріне қарамастан, осы Шарттың әрекет ету мерзімі өткеннен кейін де келесі 3 (үш) жыл ішінде күшінде қалады.

Сублицензиат қызмет көрсету сапасын арттыру және Тараптардың ауызша өтініштерін растау үшін телефон арқылы сөйлесулерді жазуға келісім береді.

Сублицензиат осы Келісімнің шарттарымен өзінің келісін растай отырып, Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 4-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Конституциясының және дербес деректер саласындағы басқа да нормативтік актілердің талаптарын ескере отырып, Компанияның дербес деректерді өңдеуге, сақтауға және пайдалануға құқығы бар екендігімен танысқанын және онымен келісетінін растайды. Сублицензиат та Сублицензиаттың мүдделерін білдіретін жеке тұлғалардың немесе Сублицензиаттың уәкілетті адамдарының көрсетілген әрекеттерге жазбаша келісін алды. Осы келісім Шарттың қолданылу және Сублицензиаттың бағдарламалық жасақтаманы пайдалануының бүкіл мерзімі ішінде қолданылады. Сублицензиат аталған келісімнің пікірі бағдарламалық жасақтаманы немесе оның жеке

бөліктерін пайдалану мүмкіндігінен айырылуына әкелуі мүмкін екендегімен келіседі.

Сублицензиат жаңартылған ақпаратты, өзекті жаңалықтары бар ақпараттық хабарламаларды, жаңа ұсыныстарды, арнайы науқандар мен сату туралы хабарландыруларды, сондай-ақ жаңалықтар мен ұсыныстар туралы ақпаратты Лицензиаттан және оның әріптестерінен мессенджерлер, электрондық пошта немесе телефон байланысы арқылы алуға келіседі.

## 9. ФОРС-МАЖОР

Тараптар осы Келісім бойынша міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін, егер бұл орындамау күш жетпейтін, яғни Тарап ақылға қонымды шаралармен болжай алмаған және алдын ала алмаған төтенше сипаттағы оқиғалардың, дүлей апаттардың, өрттердің, жер сілкіністерінің, әскери іс-қимылдардың, ереуілдердің және т.б. салдары болса, жауапкершіліктен босатылады.

Күш жетпейтін жағдайлардың туындауына байланысты өз міндеттемелерін орындау мүмкін болмайтын жағдай туындаған Тарап осы жағдайдың басталуы, болжамды жалғасу мерзімі және тоқтатылуы туралы екінші Тарапты дереу (бірақ 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей) жазбаша нысанда хабардар етуге міндетті.

Егер күш жетпейтін жайлар және/немесе олардың салдарлары 2 (екі) айдан астам жалғасса, онда Тараптар тиісті шаралар қабылдау не осы Келісімді бұзу туралы шешім қабылдау үшін қосымша келіссөздер жүргізеді.

## 10. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

Барлық шағымдарды, даулар мен келіспеушіліктерді Тараптар келіссөздер немесе хат алмасу жолымен дербес шешуге міндеттенеді. Тараптар келіссөздер немесе хат алмасу барысында келісімге келмейтін таластар Лицензиаттың орналасқан жері бойынша сотта қаралуы тиіс.

## 11. ҚОСЫМША ШАРТТАР

Сублицензиат Лицензиат Лицензиарға және ол уәкілеттік берген тұлғаларға Сублицензиат туралы ақпаратты мезгіл-мезгіл бере алатынымен хабардар етіледі және келіседі. Осы Келісімнің акцепт фактісі және оның шарттары құпия ақпарат емес.

Осы Келісім Тараптар арасындағы келісімнің мәніне қатысты барлық алдыңғы келісімдерді алмастырады.

## 12. КОМПАНИЯНЫҢ РЕКВИЗИТТЕРІ МЕН БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

«Интернет Бухгалтерия» ЖШС

БСН: 160940004650

Мекенжайы: ҚР, Алматы қаласы, Жамбыл көшесі, 77 үй

Заңды мекенжайы: ҚР, Алматы қаласы, Бродский көшесі, 33/2 үй

Телефон: +7(727)3528555

Жұмыс телефоны: 87073500232

Веб-сайт: <http://inbuh.kz>

Пошта: [info@inbuh.kz](mailto:info@inbuh.kz)

ДСК KZ72722S000008370810 "Kaspi bank" АҚ

БСК: CASPKZKA

Осы Келісімнің шарттары мен қолдау мәселелері мына электрондық пошта мекенжайы бойынша қабылданады: [sales@inbuh.kz](mailto:sales@inbuh.kz)

Жарғы негізінде әрекет ететін Директор Сейдалиева Л.Б.